КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 қараша №1013-25-00-2/1919 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С. Байкумбаева,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"ГЛОБУС ТТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
2) тұрақсыздық айыбын өндіру туралы.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер "ГЛОБУС ТТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

"ГЛОБУС ТТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

"ГЛОБУС ТТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің пайдасына

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

29 321 (жиырма тоғыз мың үш жүз жиырма бір) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

"ГЛОБУС ТТ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік пайдасына 2 846 (екі мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А. Байкумбаева**

Құжатқа қол қойылған: Байкумбаева А. С., 18.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.12.2025, судья Байкумбаева А. С., 25.12.2025